

А.Б. Тасмаганбетов, PhD, қауымд. профессор

Ж.Ж. Глеулина*, PhD докторанты

Қ. Жұбанов атындағы

Ақтөбе өңірлік университеті

Ақтөбе қ., Қазақстан

* – негізгі автор (хат-хабарларға арналған автор)

e-mail: zhema70@mail.ru

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫНДА КӘСІПкерлік қызметті дамытудың өзекті мәселелері

Мақалада Қазақстан Республикасының ауыл шаруашылығында кәсіпкерлік қызметті ұйымдастырудың ерекшеліктері қарастырылған. Ауыл шаруашылығында кәсіпкерлікті зерттеумен айналысатын ғалымдар өз еңбектерінде агробизнесінің қауіп-қатері мен тұрақсыздығын, әртүрлі меншік нысандарының болуын, жермен байланысты өндірістік үдерістің ерекшелігін, сонымен бірге инновациялық кәсіпкерлікті енгізу қажеттілігін атап көрсеткен.

Қазақстан Республикасы ауыл шаруашылығының ағымдағы жай-күйін талдау барысында кәсіпкерлік қызметтің дамуына кедергі келтіретін негізгі мәселелер ашылды: ауыл шаруашылығы шикізатының экспорттағы жоғары үлесінің болуы; агроөнеркәсіптік кешендегі өндірістің технологиялық артта қалуы; ауыл шаруашылығы өнімдерін өткізу жөніндегі үйлестірілмеген жұмыстың болуы; жеке қосалқы шаруашылықтар үшін субсидияларға қойылатын талаптардың жоғары деңгейде болуы; екінші деңгейдегі банктерде несиелер бойынша жоғары мөлшерлемелер; ауылдық аумақтардағы инфрақұрылымның дамуы. Мақала авторлары ауыл шаруашылығындағы кәсіпкерлікті дамыту бойынша ұсыныстар берген: жеке қосалқы шаруашылықтарға мемлекеттік қолдаудың қолжетімділігін мен ашықтығын қамтамасыз ету; кәсіпкерлік қызметтің ауыл шаруашылығына жатпайтын түрлерін дамыту бағдарламаларын әзірлеу; ауыл өнімдерін өндіруге инновациялық технологияларды енгізетін фермерлерге жеңілдетілген несие беруді енгізу; шалғайдағы ауылдық аумақтардан ауыл шаруашылығы өнімдерін жеткізуге байланысты фермерлердің логистикалық және көліктік шығындарын субсидиялауды көздеу.

Кілт сөздер: кәсіпкерлік, ауыл шаруашылығы, тәуекел, жер, өндіріс, субсидия, мемлекеттік қолдау, инновация, өнім, меншік

Ключевые слова: предпринимательство, сельское хозяйство, риск, земля, производство, субсидия, государственная поддержка, инновация, продукция, собственность

Keywords: entrepreneurship, agriculture, risk, land, production, subsidy, state support, innovation, products, property

Кіріспе. Қазіргі уақытта ауыл шаруашылығында кәсіпкерлік халықты жұмыспен қамту, қажетті өнімдермен қамтамасыз ету және ел экономикасын дамыту үшін өте маңызды рөл атқарады. Ауылшаруашылығында кәсіпкерлік қызметті ұйымдастыру үй жануарларымен және өсімдіктермен тікелей байланысты болып келеді, әрі климаттық жағдайларға тәуелді.

Осыған орай ауыл шаруашылығында кәсіпкерлікті дамыту үшін әлемдік нарықта ауыл шаруашылығы өнімінің бәсекеге қабілеттілігін дамытуға ықпал ететін кәсіпкерлік қызметтің тиімді нысандарын айқындау қажет. Әдетте, ауыл шаруашылығындағы кәсіпкерлік орта халықтың табыс деңгейінің төмендігімен, инфляцияның жоғары деңгейімен, жұмыссыздықтың жоғары болуымен және нормативтік-құқықтық

базаның жетілмегендігімен сипатталады.

Қазақстан Республикасында кәсіпкерлік қызметті жүргізу және ұйымдастыру Кәсіпкерлік кодексі арқылы реттеліп отырылады. Онда «жұмыскерлердің жылдық орташа санына және жылдық орташа кіріске қарай кәсіпкерлік субъектілерінің санаттары көрсетілген: шағын кәсіпкерлік субъектілері, оның ішінде микрокәсіпкерлік субъектілері; орта кәсіпкерлік субъектілері; ірі кәсіпкерлік субъектілері». [1]

Әрине, ауыл шаруашылығында кәсіпкерлік қызметтің барлық санаттары шоғырланған. Ауыл шаруашылығында дара кәсіпкерлікті іске асыру шаруа немесе фермер қожалықтары арқылы жүзеге асырылады. Қазақстан Республикасындағы шағын және орта бизнес кәсіпорындары санының өсуі, жеке кәсіпкерлер

санының көбеюі, шаруа (фермер) қожалықтары санының артуы елдегі кәсіпкерлік еркіндігінің жеткілікті жоғары дәрежесін айғақтайтынын көрсетеді. Дегенмен, ауыл шаруашылығындағы кәсіпкерлік қызметті ұйымдастыруға нақты көңіл бөлінбей отыр.

Мақаланың мақсаты - ауыл шаруашылығындағы кәсіпкерлік қызметті қолданудың талаптарын ескере отырып, оны дамытудың ұтымды бағыттарын ұсыну болып табылады.

Зерттеудің басты маңыздылығына ауыл шаруашылығының табиғи ерекшеліктерін, өндіріспен еңбектің маусымдылығын жатқызуға болады.

Зерттеу әдістері. Ауыл шаруашылығындағы кәсіпкерлік қызметтің дамуын зерттеу кезінде теориялық, сараптамалық және салыстырмалы әдістер қолданылды.

Әдебиеттік шолу. Ауыл шаруашылығындағы кәсіпкерлік қызмет климаттық жағдайларға байланысты тәуекелді экономикалық қызмет болып табылады. Сондықтан осы ерекшелікті ескере отырып, ғалымдардың еңбектеріне шолу жасайық.

Қожамқұлова Д.Н. экономиканың кез келген саласындағы, оның ішінде аграрлық саладағы кәсіпкерлік қызмет белгісіздік, тұрақсыздық және тәуекел жағдайында жүзеге асырылады деп есептейді. Агробизнес жағдайлары үнемі өзгеріп отырады, нарық субъектілерінің мінез-құлқы өзгеріп отырады, бұл өндіріспен сатуды тез қайта бағыттауға мәжбүр етеді, тиісінше белгісіздік орын алады [2].

Темірбекова А.Б., Дуламбаева Р. Т. ауыл шаруашылығында кәсіпкерлік қызметті ұйымдастырудың үш негізгі нысанын топтастырды: фермерлік (шаруа) қожалықтар ұсынған шағын бизнес; түрлі серіктестіктер, қауымдастықтар, кооперативтер ұсынған орта бизнес; аграрлық корпорациялар ұсынған ірі бизнес [3].

Ғалымдар бұл нысандарды зерттей келе, фермерлік (шаруа) қожалықтар ауыл шаруашылығындағы кәсіпкерлікті дамытудың басты нысаны ретінде қарастыруды заңдылық деп санайды.

Журавлева И.И. ауыл шаруашылығындағы кәсіпкерлікті табысты дамыту үшін жерді ұқыпты пайдалану қажет деп есептейді. Қазір бүкіл

әлемде ауылшаруашылық қажеттіліктеріне пайдалануға болатын көптеген резервтік жерлер бар. Бірақ топырақтың әр түрі ауыл шаруашылығының бір немесе басқа түріне сәйкес келмейтінін ескерген жөн [4].

Көптеген ғалымдар ауыл шаруашылығының дамуы ғылым мен техниканың жетістіктерін енгізу арқылы агроөнеркәсіптік кәсіпкерлікті жаңғыртуға бағытталған инновациялық кәсіпкерлікті дамыту негізінде мүмкін деп санайды.

Мысалы, Тажимаева Р.М. агроөнеркәсіптік кешен саласындағы кәсіпкерлік бастама агроөнеркәсіптік өндірісті дамуын және оның инновацияларға бейімділігіне бір мезгілде ықпал етуін, өндірістегі жаңа ғылыми-техникалық зерттеулерді бейімдеу мүмкіндіктерін, олардың дамуының неғұрлым жоғары деңгейін қамтамасыз ететінін атап өтті [5].

Капышева С.К., Каменова М.Ж., Аймурзина Б.Т. инновациялық кәсіпкерлікті ауыл шаруашылығында іске асыру үшін экономиканың нақты секторында ғылым жетістіктерді кең ауқымда пайдалану үшін мемлекеттік маңызы бар нақты инновациялық жобаларды іске асыруды қамтамасыз етуді ұсынады [6].

Көріп отырғанымыздай, ауыл шаруашылығында кәсіпкерлікті зерттеумен айналысатын ғалымдар агробизнесінің қауіп-қатері мен тұрақсыздығы, әртүрлі меншік нысандарының болуы, жермен байланысты өндірістік үдерістің ерекшелігі, сондай-ақ инновациялық кәсіпкерлікті енгізу қажеттілігі туралы атап өтеді.

Негізгі бөлім. Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар жөніндегі агенттігінің ұлттық статистика бюросы ауыл шаруашылығына қатысты өндірілген өнім мен көрсетілетін қызметтерді кәсіпкерлік нысанның үш санаты арқылы топтастырған:

- ауыл шаруашылық кәсіпорындары;
- дара кәсіпкерлер мен фермерлер;
- жұртшылық шаруашылығы.

Міне, осы санаттар бойынша жинақталған статистикалық мәліметтерді ескере отырып, 2016-2020 жылдар аралығындағы ауыл шаруашылығы бойынша өндірілген өнім және көрсетілген қызметтерді кәсіпкерлік қызметтің нысандары бойынша талдап көрелік (кесте 1).

Ауыл шаруашылығы санаттары бойынша 2016-2020 жылдар аралығында өндірілген өнім және көрсетілген қызметтер, млрд теңге*

Ауыл шаруашылығы санаттары	2016 жыл	2017 жыл	2018 жыл	2019 жыл	2020 жыл	2020 жылдың 2016 жылға өзгерісі (есе)
Ауыл шаруашылығының жалпы шығарылымы, оның ішінде	3701,5	4092,3	4497,6	5177,9	6363,98	1,71
ауылшаруашылығы кәсіпорындары	873,3	996,8	1091,2	1293,9	1699,6	1,95
Дара кәсіпкерлер және фермерлер	1043,6	1152,5	1317,4	1607,8	2033,6	1,95
Жұртшылық шаруашылығы	1784,4	1943,0	2089,1	2276,1	2630,8	1,47

* Авторлармен [7] негізінде әзірленген

2016-2020 жылдар аралығындағы статистикалық мәліметтер соңғы бес жылдықта ауыл шаруашылығы өнімдерінің едәуір өскенін көрсетіп отыр. 2020 жылы (6363,98 млрд. теңге) 2016 жылға (3701,5 млрд. теңге) қарағанда ауыл шаруашылығында өндірілген өнім және көрсетілген қызметтер шамамен 1,71 есеге көбейген. Есепті жылдар аралығында ауыл шаруашылығы кәсіпорындарының, дара кәсіпкерлер мен фермерлердің шығарылған өнімі 1,95 есеге, ал жұртшылық шаруашылығының өнімі 1,47 есеге өскені байқалады.

Отандық тәжірибе көрсетіп отырғандай,

тек ірі ауыл шаруашылық кәсіпорындары ғана кәсіпкерлік қызметті жүргізу барысында қажетті технологиялық өндірісті толық сақтауға және озық технологияларды енгізуге мүмкіндігі жоғары. Дара кәсіпкерлер мен фермерлер нарықта бәсекелестік артықшылықтарға ие болу үшін жаңа инновацияларды енгізуге неғұрлым сезімтал, дегенмен инновациялық дамытуға қажетті қаражаттарды табуға мүмкіншіліктері аз.

Жұртшылық шаруашылығы тұрғындарға қажетті азық-түлік өнімдерінің жалпы көлемін құруда басты орынды алады. Оның үлесі 2020 жылы 41%-ды құрады (сурет 1).




1-сурет. Қазақстан Республикасында 2020 жылғы ауыл шаруашылығы өнімдерінің кәсіпкерлік қызмет санаттары үлесі*

* Авторлармен [7] негізінде әзірленген

Азық-түлік нарықтарын қалыптастыруда оның мүмкіндіктерінің шектеулі болуына қарамастан, жұртшылық шаруашылығы шағын бизнесті дамытуға, ауыл халқының едәуір бөлігін жұмысқа орналастыруға қолайлы жағдайлар жасайды.

Алайда, жұртшылық шаруашылығы ха-

лықты өніммен қамтамасыз етуде маңызды рөл атқаратынына қарамастан, нарыққа сапасы жағынан бәсекеге қабілетті өнім өндіруді іске асыруға толық ықпал ете алмайды. Бұл тұжырымның нақты қорытындысын 2-суреттен байқауға болады.



Сурет 2. Қазақстан Республикасында 2016-2020 жылдар аралығында ауыл шаруашылығы өнімдерінің нақты көлем индексінің өзгерісі*

* Авторлармен [7] негізінде әзірленген

2-сурет көрсетіп тұрғандай, ауыл шаруашылығының шығарылған өнімдері мен көрсетілген қызметтері бойынша 2019 жылы 2018 жылмен салыстырғанда төмендеуі байқалады. Оның басты себебіне 2019 жылғы болған қуаңшылықты жатқызуға болады. Бұл өз кезегінде, ауыл шаруашылығы кәсіпорындарының нақты көлем индексі 2019 жылы 93,9%-ға дейін төмендеуіне әкелді.

Ауыл шаруашылығының өнім шығарылымында дара кәсіпкерлер мен фермерлердің нақты көлем индексі елеулі және тұрақты артып келеді. Мәселен, 2019 жылы 102,1%-ды құраса, ал 2020 жылы 109,3%-ға дейін артқан.

Дара кәсіпкерлер мен фермер қожалықтарына мемлекет тарапынан көрсетіліп жатқан жеңілдіктер, яғни тіркеу рәсімдерінің оңтайлануы, әртүрлі тексеруші органдарға мораторийдің жариялануы, салықтық бақылаудың кезеңділігі мен реттілігінің іске асуы себеп болды.

Қазақстан Республикасының ауыл шаруашылығында кәсіпкерлік қызметтің дамуына кедергі келтіретін мынадай негізгі мәселелерді атап көрсетуге болады:

- экспорттағы ауыл шаруашылығы шикізатының жоғары үлесі;
- агроөнеркәсіптік кешендегі өндірістің технологиялық артта қалуы;
- ауыл шаруашылығы өнімдерін өткізу бойынша үйлестірілмеген жұмыс;
- жеке қосалқы шаруашылықтар үшін субсидияларға қойылатын жоғары талаптар;
- екінші деңгейдегі банктер несиелерінің жоғары мөлшерлемелері;

- ауылдық аумақтар инфрақұрылымының дамымауы.

Қорытынды. Осылайша, ауыл шаруашылығы саласында кәсіпкерлік қызметті дамыту үшін мынадай бағыттарда жұмыс істеу керек:

- жеке қосалқы шаруашылықтарға мемлекеттік қолдаудың қолжетімділігі мен ашықтығын қамтамасыз ету. Ол үшін мемлекеттік қаражатты алу, есепке алу және бөлу үдерісінің ақпараттық жүйесін әзірлеу қажет;

- кәсіпкерлік қызметтің ауыл шаруашылығына жатпайтын түрлерін дамыту бағдарламасын әзірлеу. Бұл бағытта ауыл туризмін және ауылдық аумақтардағы басқа да қызмет түрлерін дамытуды қолдау керек. Кәсіпкерлік қызметтің ауыл шаруашылығына жатпайтын түрлерін дамытуды ынталандыру мақсатында оларға салық жеңілдіктерін беруді жүзеге асырған жөн;

- ауыл өнімдерін өндіруге инновациялық технологияларды енгізетін фермерлер үшін жеңілдікпен несиелерді беруді енгізу қажет. Жаңа технологияларды қолдануды кеңейту аз уақыт ішінде көп өнім өндіруге ғана емес, сонымен қатар оның сапасын едәуір жақсартуға мүмкіндік береді. Бұдан басқа, техникалық және технологиялық мүмкіндіктердің өсуі ауыл шаруашылығы мен кәсіпкерліктің дамуына ықпал ететін болады;

- шалғайдағы ауылдық аумақтардан ауыл шаруашылығы өнімдерін жеткізуге байланысты фермерлердің логистикалық және көліктік шығындарын субсидиялауды қарастыру.

Аталған шара шығарылатын өнім көлемін шаруашылығы өнімінің бәсекеге қабілеттілігін ұлғайтуға, еңбек өнімділігін арттыруға, ауыл күшейтуге мүмкіндік береді.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік Кодексі. Қазақстан Республикасының Кодексі 2015 жылғы 29 қазандағы № 375-V ҚРЗ. – <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1500000375>
2. Кожомкулова Д.Н. Мировой опыт развития предпринимательства в аграрном секторе // Вестник АПК Верхневолжья, 2015. – №3 (31). – С. 32-36
3. Темирбекова А.Б., Дуламбаева Р.Т. Перспективные формы предпринимательства в аграрном секторе // Вестник КазНУ им. аль-Фараби, серия экономическая, 2012. – №2. – С. 37-42
4. Журавлева И.И. Предпринимательство в сельском хозяйстве: проблемы и перспективы развития // Бизнес-образование в экономике знаний, 2018. – №1. – С. 29-32
5. Тажибаева Р.М. Основные направления реализации инновационной политики в агропромышленном комплексе Казахстана // Проблемы агрорынка, 2018. – №3. – С. 38-44
6. Капышева С.К., Каменова М.Ж., Аймурзина Б.Т. Развитие инновационного предпринимательства в сельском хозяйстве Казахстана // Вестник университета «Туран», 2020. – №3(87). – С. 84-88
7. Сельское, лесное и рыбное хозяйство в Республике Казахстан (2016-2020). Статистический сборник. Нур-Султан: Бюро национальной статистики Агентства по стратегическому планированию и реформам Республики Казахстан. – 211 с. – <https://stat.gov.kz/edition/publication/collection>

REFERENCES

1. Kazakstan Respublikasynyn Kasipkerlik Kodeksi [Business Code of the Republic of Kazakhstan]. Kazakstan Respublikasynyn Kodeksi 2015 zhylgy 29 kazandagy № 375-V KRZ. – <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1500000375> [In Kazakh]
2. Kozhomkulova D.N. Mirovoj opyt razvitija predprinimatel'stva v agrarnom sektore [World experience of entrepreneurship development in the agricultural sector] // Vestnik APK Verhnevolzh'ja, 2015. – №3 (31). – S. 32-36 [In Russian]
3. Temirbekova A.B., Dulambaeva R.T. Perspektivnye formy predprinimatel'stva v agrarnom sektore [Promising forms of entrepreneurship in the agricultural sector] // VestnikKazNUim. al'-Farabi, serijajekonomicheskaja, 2012. – №2. – S. 37-42 [In Russian]
4. Zhuravleva I.I. Predprinimatel'stvo v sel'skomhozjajstve: problem i perspektivy razvitija. [Entrepreneurship in agriculture: problems and prospects of development] // Biznes-obrazovanie v jekonomikeznaniy, 2018. – №1. [In Russian]
5. Tazhibaeva R.M. Osnovnye napravlenija realizacii innovacionnoj politiki v agropromyshlennom komplekse Kazahstana [The main directions of implementation of innovation policy in the agro-industrial complex of Kazakhstan] // Problemyagrorynka, 2018. – №3. – S. 38-44 [In Russian]
6. Kapysheva S.K., KamenovaM.Zh., Ajmurzina B.T. Razvitie innovacionnogo predprinimatel'stva v sel'skom hozjajstve Kazahstana [Development of innovative entrepreneurship in agriculture of Kazakhstan] // Vestnik universiteta «Turan», 2020. – №3(87). – S. 84-88 [In Russian]
7. Sel'skoe, lesnoe i rybnoe hozjajstvo v Respublike Kazahstan (2016-2020) [Agriculture, forestry and fisheries in the Republic of Kazakhstan (2016-2020)]. Statisticheskij sbornik. Nur-Sultan: Bjuro nacional'noj statistiki Agentstva po strategicheskomu planirovanijui reformam Respubliki Kazahstan. – 211 s. – <https://stat.gov.kz/edition/publication/collection> [In Russian]

А.Б. Тасмаганбетов, Ж.Ж. Тлеулина

**АКТУАЛЬНЫЕ ПРОБЛЕМЫ РАЗВИТИЯ ПРЕДПРИНИМАТЕЛЬСКОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ
В СЕЛЬСКОМ ХОЗЯЙСТВЕ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН**

Аннотация

В статье рассмотрены особенности организации предпринимательской деятельности в сельском хозяйстве Республики Казахстан. Ученые занимающиеся исследованием предпринимательства в сель-

ском хозяйстве отмечают о рискованности и неустойчивости агробизнеса, о наличии различных форм собственности, о специфике производственного процесса, связанной с землей, а также о необходимости внедрения инновационного предпринимательства.

Анализ текущего состояния сельского хозяйства Республики Казахстан показал, что к основным проблемам препятствующие развитие предпринимательской деятельности относятся: высокая доля сельскохозяйственного сырья в экспорте; технологическую отсталость производства в агропромышленном комплексе; нескоординированная работа по сбыту продукции сельского хозяйства; завышенные требования к субсидиям для личных подсобных хозяйств; высокие ставки по кредитам в банках второго уровня; неразвитость инфраструктуры сельских территорий. Авторами статьи даны рекомендации по развитию предпринимательства в сельском хозяйстве: обеспечить доступность и прозрачность государственной поддержки личным подсобным хозяйствам; разработать программы развития несельскохозяйственных видов предпринимательской деятельности; ввести льготное кредитование для фермеров, внедряющих инновационные технологии в производство сельской продукции; предусмотреть субсидирование логистических и транспортных затрат фермеров, связанных с поставкой сельскохозяйственной продукции из отдаленных сельских территорий.

A. Tasmaganbetov, Zh. Tleulina

**CURRENT PROBLEMS OF DEVELOPMENT OF ENTREPRENEURIAL ACTIVITY
IN AGRICULTURE OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN**

Annotation

The article considers the peculiarities of the organization of entrepreneurial activity in agriculture of the Republic of Kazakhstan. Scientists engaged in the study of entrepreneurship in agriculture note the riskiness and instability of agribusiness, the presence of various forms of ownership, the specifics of the production process associated with land, as well as the need to introduce innovative entrepreneurship.

Analysis of the current state of agriculture of the Republic of Kazakhstan has shown that the main problems hindering the development of entrepreneurship include: a high share of agricultural raw materials in exports; technological backwardness of production in the agro-industrial complex; uncoordinated work on the sale of agricultural products; excessive requirements for subsidies for personal subsidiary farms; high rates on loans from second-tier banks; underdevelopment of rural infrastructure.

The authors of the article provide some recommendations for the development of entrepreneurship in agriculture: to ensure the availability and transparency of state support to personal subsidiary farms; to develop programs for the development of non-agricultural types of entrepreneurship; to introduce preferential lending for farmers introducing innovative technologies in the production of rural products; to provide subsidies for logistics and transport costs of farmers associated with the supply of agricultural products from remote rural areas.



Д.С. Исмуратов, докторант PhD¹

Б.Т. Череева, PhD²

А.Н. Турекулова, PhD³

Алматинский Университет Менеджмента¹

г. Алматы, Казахстан

Учреждение «Esil University»²

г. Нур-Султан, Казахстан

Казахский университет технологии и бизнеса³

г. Нур-Султан, Казахстан

* – основной автор (автор для корреспонденции)

e-mail: b_chereyeva@mal.ru

ВНЕДРЕНИЕ КОРПОРАТИВНОГО УПРАВЛЕНИЯ В ОРГАНИЗАЦИИ ВЫСШЕГО ОБРАЗОВАНИЯ В КАЗАХСТАНЕ: ТЕОРИЯ И ПРАКТИКА

В статье рассмотрены вопросы внедрения корпоративного управления в организации высшего образования Казахстана. В ходе исследования была рассмотрена степень изученности данной проблемы как в зарубежной, так и отечественной практике. В работе выявлены предпосылки необходимости внедрения корпоративного управления в сферу высшего образования, проведена дифференциация основных участников в корпоративном партнерстве, а также определена их роль во взаимодействии как с государством, так и образовательной организацией. Проведен анализ основных показателей деятельности высших учебных заведений Казахстана, представлен их рейтинг в мировом образовательном пространстве, в таких как Times Higher Education World University Rankings и QS World University Rankings, а также определено место высшей образовательной системы среди стран ЕАЭС. Вместе с тем, показана степень вмешательства уполномоченного органа в сфере образования на деятельность как государственных, так и частных высших учебных заведений, их влияние на внедрение принципов корпоративного управления вузы. Работа отражает анализ количественных и качественных данных, на основании которых были разработаны рекомендации по системе корпоративного управления в отечественных университетах.

Ключевые слова: высшее образование, корпоративное управление, партнерство, образование, рейтинг, ЕАЭС, государство, университет, мировое образовательное пространство, Казахстан

Кілт сөздер: жоғары білім, корпоративтік басқару, әріптестік, білім беру, рейтинг, БЭЖ, мемлекет, университет, әлемдік білім беру кеңістігі, Қазақстан

Keywords: higher education, corporate governance, partnership, education, rating, UES, state, university, world educational space, Kazakhstan

Введение. К вопросам внедрения корпоративного управления в целом и управления в образовательных организациях, в частности, наблюдается повышенный интерес во всем мире. В Казахстане практика внедрения корпоративного управления в организации высшего образования нашла свое применение не так давно. Это связано с необходимостью научно-обоснованных подходов к осуществлению механизма внедрения принципов корпоративного управления в условиях модернизации высшего образования, а также с нехваткой практических менеджеров со знаниями специфики деятельности организаций высшего образования. Многие вузы испытывают данную проблему, которая затрудняет показывать эффективные результаты. К настоящему времени сложилось несколько моделей (или типов)

университетов (классический, корпоративный, предпринимательский, исследовательский, виртуальный), среди которых явными признаками корпорации обладает лишь модель предпринимательского университета, корпоративный университет вообще встроено в корпоративную структуру компании. Соответственно, когда мы говорим об университете-корпорации, следует иметь в виду, прежде всего, эти типы университетов. Принципиально новой моделью должен стать университет информационной эпохи, основанный на управлении интеллектуальным капиталом, который превратится уже в ближайшем будущем в симбиоз предпринимательского, исследовательского и виртуального университетов.

Цель - состоит в анализе теоретических и практических вопросов внедрения корпоративно-